



А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы

«Психологиялық қызметтің мақсаты мен бағыттары»



Мектеп психологы: Муратова С.М



**«Біз әрбір адамның ар-
намысын, жағымды
қасиеттері мен беделін,
жоғары адамгершілік,
этикалық стандарттары
және рухани
құндылықтарын
бағалайтын қоғам
құруымыз керек»**

Н.Ә.Назарбаев

Мектептегі психологиялық қызмет – әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық қызметтің басты мақсаты — даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ қызметтің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар).
2. Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
3. Интеллектуалдық және тұлғалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету.
4. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТИҢ НЕГІЗГІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ:

Психологиялық диагностика

Психологиялық ағарту (профилактика)

Психологиялық алдын алу

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу

Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар

*Психолог жұмысы негізінен
3 бағытты қамтиды:*

Оқушы

Педагогтар

Ата-ана

ОҚУШЫМЕН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Балалармен жұмыс істеудегі психологтың міндеттері: Оқушы

- Баланы әлеуметтендіру, яғни білім беру мекемесі мен өз тобына, сыныбына, жаңа ережеге және қарым-қатынасқа бейімдеу;
- Жас кезеңіндегі баланың психикалық дамуын қалыпты ету;
- Бала дамуындағы өзіне ғана тән ерекшелігін, әрекетінің және қарым-қатынасының жеке стилін қалыптастыру;
- Баланың эмоциялық және ерік сипаттарын тұрақтандыру;
- Баланың танымдық қабілетін, қарым-қатынасын және қайтымды байланысын белсенді ету;
- Балалармен топтағы тұлғаралық қатынасын оңтайландыру;
- Балалардағы психологиялық ауытқулар мен бұзылулардың алдын алу.
- Ең бастысы баланың физикалық және психикалық саулығын сақтау өмірсүйгіштікті қалыптастыру.

ПЕДАГОГТАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- Педагогикалық үдерісті психологиялық тұрғыда қамтамасыз ету;
- Педагог пен бала қарым-қатынасындағы педагогикалық стильді оңтайландыру

Психологиялық жұмыстың бағыттары:

Педагогикалық ұжымды диагностикалау;

Педагогикалық ұжыммен дамыту жұмыстарын жасау;

Педагогикалық ұжымға кеңес беру;

Педагогикалық ұжымға ағарту жұмыстарын жүргізу.

АТА-АНАМЕН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- Бала мен ата-ана қатынасын оңтайландыру;
- Баланың психологиялық ауытқуын және бұзылуын алдын алу.

Психологиялық жұмыстың бағыттары:

Ата-аналарды диагностикалау;

Ата-аналармен дамыту жұмыстарын жүргізу;

Ата-аналарға кеңес беру;

Ата-аналарға ағарту жүргізу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Баяндама барысында көріп отырғанымыздай мектеп психологіне жүктелер міндет ауыр. Ең бастысы психолог маман мектепті алға апарудың барлық жақтарын білуі шарт. Біздің мектептегі кәсіби статусымыз-ол әр психологтың жұмысты ұйымдастыру тәсілдеріне байланысты, яғни жұмыс істейтін психолог маманданған, психологиялық білімі жоғары, адам жанын түсінетін шын мәніндегі жантанушы болуымыз қажет. Біздер үшін әр бала бір жұлдыз, оларды жаға білуіміз керек..

